Қаржылық есептілікті тұрақты сатып алушылық қабілетінің ақшалай бірлігіне түзету әдістемесі әмбебап болып табылады. Ол шаруашылық субъектілерінің әр түрлі ұйымдастырылған нысандарымен жеке компаниялардың қаржылық есептілігін, сонымен бірге шоғырландырылған қаржылық есептілігін түзету үшін де қолданылуы мүмкін.

1. *Бухгалтерский финансовый учет. Часть 2, Хамидуллина З.Ч., МИЭМП, 2010.*
2. *Журнал «Путеводитель бухгалтера», 2011.*
3. *Международные стандарты учета и финансовой отчетности. Соколова Е.С., М.: ЕФОИ, 2008.*

#### Резюме

В статье рассматриваются проблемы и особенности формирования финансовой отчетности на предприятии. Предложены методы приведения в соответствие со стандартами МСФО и НСФО финансовой отчетности, а также проблемы перехода на данные стандарты.

#### Summary

The article deals with the problems and peculiarities of the financial statements of the enterprise. Proposed methods conform to the standards of International Financial Reporting Standards and the National Financial Reporting Standards, as well as the problems of transition to these standards.



## МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУ ТАПСЫРЫСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ АНЫҚТАУ

*А.Т.Исаева - э.ғ.к., доцент, КазНПУ им Абая,*

*А.Т.Жузбаева - к.э.н., доцент*

Қазіргі кезеңде Оңтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік кадр саясатының мақсаттарын, мазмұнын және принциптерін анықтау жөніндегі жұмыстар белсенді жүргізілуде. Осыған байланысты мамандардың сапалы жаңаруы мен кәсіптік дамуы, олардың нарықтық қатынастар жүйесіндегі еңбекке тәжірибелі дайындығы сияқты мақсаттары бірінші кезекке шығарылуда. Өңірлік кадр саясатының қалыптастырылуы, өңірлік бағдарламалардың жүзеге асырылуына тұжырымдамалы көзқарасты дамыту мен бекітуді, оның артықшылықтарын, принциптерін, пәнін, құрылымын және мазмұнын анықтауды қарастырады. Сонымен қатар, экономиканың кейбір салаларында мақсатты бағдарламалармен ғана шектелмей, кадр саясатын жүзеге асыруға жалпы көзқарасты заң жүзінде нығайту ісі маңызды және қажетті деп есептелінеді. Кадрлармен жұмыс жүргізу жүйесіндегі жағдайды зерттей отырып, нақты ұйымдағы еңбек ресурстарын басқару саласындағы тәжірибелік пайдаланымдарды және олардың теориялық талдаулардан артық басымдығын атап өту қажет. Біздің ойымызша, кадр саясаты мемлекеттік емес саладағы еңбек ресурстарын мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен жолдарын анықтамауы тиіс деген көзқарасын қате деп санамайды. Бұл жөнінде мемлекеттік ықпал етудің басқа түрі ғана емес, сонымен қатар және де басқа әдістерін пайдаланудың керек екені анық. Олар әкімшілік ету және араласу сипатында болмауы тиіс, керісінше негізделген кадрлық шешімдердің қабылдануын қамтамасыз етуі керек.

Мемлекеттік реттеуге саяси ықпал ету, икемді өзара әрекеттесу, әлеуметтік серіктестік, дербестікті ынталандыру, қабылданған кадрлық шешімдер үшін жауапкершілікке тәрбиелеу арқылы сипатын алуы тиіс. Үкімет органдары, кәсіпорынның кадр саясатына тікелей ықпал ете алмаса немесе қалыптастыра алмаса да, сонымен қатар олардың тиімді дамуы үшін жағдай жасауға міндетті.

Облыстағы «2010-2014 жылдарға арналған Оңтүстік Қазақстан облысындағы бірінғай кадр саясатын ұйымдастырудың негізгі бағыттары туралы» қаулысы бағдарламалық болды. Әр түрлі меншік иесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың кадр қызметтерімен өзара әрекеттесу жұмыстарын қарастырып отырған бұл құжат, айтарлықтай салмақты сараптамалық, ғылыми-социологиялық және ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстың нәтижелі қорытындысы болмақ. Оны орындау барысында өңірдегі бірінғай кадр саясатын жүзеге асырумен байланысты пайда болатын қарым-қатынастарды заң жүзінде реттеу қажеттілігі де дәл осы кезде пайда болады. Кадр саясатының ағым-

дағы түзетілімінен байланысты емес түрде, оның басты мақсатын өңірдің жоғары білікті кадр әлеуетін қалыптастырудың стратегиясын анықтау, онан ары қарайғы дамуы мен тиімді пайдаланылуы сияқты деп тұжырымдауға болады. Бұл мақсатқа жету үшін әр түрлі категориядағы және әлеуметтік топтардағы кадрлармен жұмыс істеудің артықшылықты бағыттарын анықтау қажет, бұл кейінге қалдыруға болмайтын шаралардың бағдарламасын анықтауға, ағымдағы проблемаларды шешудің құралдары мен мүмкіндіктерін бөлуге мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, облысымыздағы салмақты проблемалардың бірі – кәсіпорындардағы білікті жұмыс күшінің жетіспеушілігі болып табылуда. 2003 жылдан 2009 жылға дейінгі кезеңнің ішінде жұмыс күшіне деген сұраныстың артқаны байқалады. Экономикадағы жұмыспен қамтылғандардың саны 870,8 мыңнан 1061,3 мыңға дейін артты және болжамды бағалаулар бойынша жақын жылдары ол өсе бермек. Жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаментінің мәліметтері бойынша, сонымен қатар 2005-2009 жылдардың ішінде жұмысшыларға деген қажеттілігі де 1,3 мыңнан 7,2 мың адамға артқан. Жұмыс күшін ұсынудың сұраныстан жалпы сандық жағынан артық болуы кезінде, өндірістің ең маңызды бағыттары білікті жұмысшылар мен мамандардың қажетті көлемімен қамтамасыз етілмей қалуда. Бұл, жұмысшылардың мамандықтарын құрайтын 62 %, ұсынылған бос жұмыс орындарының, жұмысқа орналастыру бойынша көмек сұрап келгендердің негізгі құрамына сәйкес келмеуімен байланысты.

Білім беру қызметтерінің нарқы мен еңбек нарқының арасындағы байланыс бұзылған. Оқу орындарының мамандарды дайындау жұмыстары өндіріс қажеттіліктерінен байланыссыз жүргізілуде. Облысымызда 28 кәсіптік-техникалық мектептер мен 52 орта арнаулы оқу орындары бар (26-шы кесте). Оларда сәйкесінше 12,3 мың және 633 мың адам оқиды. Облыстық бастапқы кәсіптік білім беру жүйесі жыл сайын шамамен 81 мың, орта арнаулы оқу орындары – 11,4 мың білікті жұмысшылар мен мамандарды дайындайды, бірақ көптеген бітірушілер оқу процесінде олар алған білікті кәсіптік білімдерін пайдаланбайды, сол күйі еңбек нарқында талап етілмеген бойда қалуда. Орта есеппен, орта кәсіптік білім беру мекемелері бітірушілерінің тек 46 % ғана, және кәсіптік-техникалық мектеп бітірушілерінің 36 % жұмысқа жолдама алды, ал қалғандарына жұмысқа орналасудың еркін құқығы ұсынылған.

1-шы кесте. Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіптік білім беру мекемелерінің 2008-2010 жылдардағы жағдайы бойынша жұмысқа орналастырылған бітірушілерінің саны.

Көрсетіштер	Оқушылар саны, мың адам	Бітірушілер саны, мың адам	Жұмысқа орналастырылғандар саны, мың адам	ЖОО-да (ВУЗ) оқиды, мың адам
Кәсіптік-техникалық мектептер	12,3	1,1	0,2	-
Колледждер	63,3	3,8	1,1	1,6
ЖОО (ВУЗ)	89,9	9,2	3,2	0,9

Ескертпе: Автордың статистикалық агенттің мағлұматы бойынша құрастырылған көрсеткіші

Білім беру жүйесінің еңбек нарқымен негізгі сәйкессіздігі, жұмысшы кадрларына деген өңірлік болжамның жоқтығына және әлеуметтік серіктестік механизмдерінің жетілдірілмеуімен, білім беру мекемелерінің жеткіліксіз қаржыландырылуымен, бітірушілерді жұмысқа орналастыру кепілдігінің жоқ болуымен байланысты болып отыр. Көпфакторлы корреляциялық сараптама әдісімен алынған болжамды мәліметтер бойынша жақын жылдардың ішінде, 2014 жылға облыстың еңбекке қабілетті халқының саны 340,0 мың адамға дейін артады, сәйкесінше, демографиялық факторлардың есебінен де, сонымен қатар экономиканың қайта қаралуы есебінен де жұмыс күшіне деген сұраныстың артуы күтілуде.

Жұмыспен қамтылған халықтың саны негізінен келесі факторларға байланысты екені белгілі: жұмыссыз халық, жұмысқа қабілетті жастағы халық, облысқа келгендердің саны, халықтың табиғи өсімі. 2014 жылы жұмыспен қамтылған халықтың санын болжау үшін сәкесінше үлгіні құрастырумен байланысты және тәжірибеде байланыстың сызықтық түрдегі жиынтықты регрессиялық сызықты үлгісін көрсеткен:

$$X_y = c_0 + c_1 y_1 + c_2 y_2 + c_3 y_3 + c_4 y_4$$

$$y_x = a_0 + a_1 x_1 + a_2 x_2 + a_3 x_3 + a_4 x_4$$

мұндағы:  $X_y$  – үлгі көрсеткіші;

$Y$  – осы көрсеткішке әсер ететін факторлар;

$C$  – үлгі параметрлері;

$T$  – модельге енгізілген факторлы белгілердің саны.

Жиынтықты регрессияның сызықты үлгілерін көрсеткіштерін бағалауға деген классикалық көзқарасы ең кіші квадраттар әдісіне негізделген. Ең кіші квадраттар әдісі  $x$  нәтижелі белгінің  $x_y$  есептік көрсеткіштерінен нақты

ауытқу квадраттарының қосындысынан параметрлерінің сондай бағаларын алуға мүмкіндік береді:

$$\sum_{i=1}^4 (x_i - x_y)^2 \min \longrightarrow$$

Математикалық сараптама курсынан білетіміздей, бірнеше өзгермелінің функция экстремумын табу үшін, параметрлердің әр қайсысы бойынша бірінші кезектегі жеке туындысын табу және оларды нольге теңестіру қажет.

Осылайша, 5 аргументтің функциясы бар:

$$S(a_0, a_1, a_2, a_3, a_4) = \sum (y_x = a_0 - a_1 x_1 - a_2 x_2 - a_3 x_3 - a_4 x_4)$$

Бірінші кезектегі жеке туындылар қажет.

$$\left\{ \begin{array}{l} \frac{\partial S}{\partial a_0} = -2 \sum (y - a_0 - a_1 x_1 - a_2 x_2 - a_3 x_3 - a_4 x_4) = 0 \\ \frac{\partial S}{\partial a_1} = -2 \sum x_1 (y - a_0 - a_1 x_1 - a_2 x_2 - a_3 x_3 - a_4 x_4) = 0 \\ \dots \\ \frac{\partial S}{\partial a_4} = -2 \sum x_4 (y - a_0 - a_1 x_1 - a_2 x_2 - a_3 x_3 - a_4 x_4) = 0 \end{array} \right.$$

Элементарлы қайта құрулардан кейін, жиынтықты регрессияның сызықты теңдеуінің  $a_i$ ,  $i = 0, 1, \dots, 4$  көрсеткіштерін табу үшін сызықты кәдімгі теңдеулер жүйесіне келеміз (1):

$$\left\{ \begin{array}{l} 6 a_0 + a_1 \sum x_1 + a_2 \sum x_2 + a_3 \sum x_3 + a_4 \sum x_4 = \sum y \\ a_0 \sum x_1 + a_1 \sum x_1 x_2 + a_2 \sum x_1 x_2 + a_3 \sum x_1 x_3 - a_4 \sum x_1 x_4 = \sum y x_1 \\ \dots \\ a_0 \sum x_5 + a_1 \sum x_1 x_5 + a_2 \sum x_2 x_5 + a_3 \sum x_3 x_5 - a_4 \sum x_4 x_5 = \sum y x_5 \end{array} \right.$$

Осылайша елесі теңдеуді де табу керек

$$\sum y, \sum x_i, i=1, \dots, 4 \quad \text{және} \quad \sum x_{ij}, x_j \quad i=1, \dots, 5, j=1, \dots, 4$$

Жүйені шешу үшін (2) келесі матрицалы әдісті қолданамыз:

$$b (X^T * X)^{-1} (X^T * X)$$

Мұнда вектор  $b = (a_0, a_1, a_2, a_3, a_4)$

Осылайша, (10) жүйенің шешімі келесі болып табылады:

$$a_0 = -728,342$$

$$a_1 = 5,97$$

$$a_2 = 0,94$$

$$a_3 = 0,004$$

$$a_4 = 18,347$$

Осы коэффициенттер бойынша көрсеткіштері статистика органдарының мәліметтерінен алынған кестені құрамыз.

2-ші кесте – 2003-2010 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы халқының жұмыспен қамтылуына әсер ететін негізгі факторлары

№	Ү	x1	x2	x3	x4
2003	368.5	61.8	570.5	12619	7.86
2004	417.8	60.9	575.5	16623	8.52
2005	423.4	59.2	585.7	17149	8.1
2006	462.1	57.4	596.2	18986	9.7
2007	442.4	50.4	600.1	19537	12.34
2008	447.9	48.7	613.1	16932	12.94
2009	463.9	46.8	619.1	12597	14.93
2010	506.2	42.4	624.6	14387	16.42

Еңбек нарқында қалыптасқан жағдай жұмысшылар мен мамандарды оқыту және дайындаудың қазіргі тәжірибесін қағида түрде өзгертуді талап етуде. Мұндай жағдайларда осы маңызды мақсатты шешу ісінде барлық қызығушылығы бар жақтардың өзара ынтымақтасуы керек, оларды білікті мамандармен қамтамасыз етуде кәсіпорындар мен ұйымдарға көмек көрсету жүйесін әзірлеу қажет. Қажетті саладағы және керекті көлемдегі білікті жұмысшыларды дайындауға қатысты мәселенің мамандарды дайындауға арналған өңірлік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру арқылы шешілуі қарастырылуда. Бұл жерде тапсырыс деп ұйымдардың барлық деңгейіндегі бюджеттер мен құралдарының есебінен білім беру мекемелерінде мамандарды дайындаудың кадр саясатының субъектілерімен келісілген көлемі мен саласын айтады (облыстағы ЖОО-да мамандарды дайындау кестесі де дәл осындай). Бұл жағдайда субъекті болып кадр саясатын әзірлеу мен жүзеге асыруда қолданыстағы заңнамалардың шегінде құзыреттермен, сонымен қатар құқықтармен және міндеттермен қамтамасыз етілген өкілеттігі берілген. Әлеуметтік мәселе жоспарланған қалыптастыру үшін есеп беру мәліметтері, сонымен қатар болжау бағалары бойынша салмақты сараптамалық жұмыс жүргізу қажет. Бұл жұмыстардың негізгі қатысушылары ретінде келесі кадр саясатының субъектілері болуы тиіс: облыс көлеміндегі мемлекеттік билік ұйымдары (статистика және жұмыспен қамту мекеме-

лері), өңірлік деңгейдегі билік ұйымдары (білім берудің, экономиканың, кадр саясатының, еңбектің, әлеуметтік қорғауды және т.б.), жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдары, кәсіпорындар мен ұйымдар, білім беру мекемелері. Қазіргі уақытта оның әр түрлі кәсіби-біліктілік құрылымы бар мамандарға деген қажеттілігін толықтыру мақсатымен, еңбек нарқын зерттеуге түрлі көзқарастарда жариялаған жұмыстардың жеткілікті саны жарық көруі тиіс. Салыстырмалы сараптаманың нәтижесінде еңбек нарқының аумақтық және салалық ерекшеліктерін сипаттайтын жалпыланған көрсеткіштерін де атап көрсетуге болады, оларды білікті жұмыс күшін дайындаудағы оның қажеттілігін болжау кезінде ескерілуі қажет.

Бұл жағдайда ақпараттарды жинау және өңдеу қызметтері толық түрде нақты тұжырымдалған болуы тиіс, себебі тапсырысты қалыптастыру кезеңінде салалық экономиканы дамыту келешегіне, сонымен қатар еңбек нарқын дамытудың еңбек ресурстары мен ерекшеліктерінің балансына, жынысы, жас ерекшеліктері, білімінің деңгейі бойынша жұмыспен қамтылғандардың және жұмыссыздардың құрамын құрайтын мәліметтеріне де қоса сараптама жасау, жалпы жұмыссыздық пен демографиялық жағдайдың көлеміне баға беру қажет. Жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысына, бос жұмыс орындарын толықтыру жолдарына, жұмыссыздарды кәсіптік оқыту қажеттілігін анықтауға қатысты өңірлік еңбек нарқын болжау жасау жұмыстарын да жүзеге асырған маңызды. Әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру үшін ары қарай оқыту және жұмысқа орналастыру, кәсіптік білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын оқу орындарының мүмкіншіліктерін бағалау, алған мамандығымен сәйкестікте бітірушілерін жұмысқа орналастыру ісіне сараптама жасау бойынша өңірдің жалпы білім беру мекемелерінің бітірушілерін бөлуді болжау қажет.

Аймақтағы кадр процестерін реттеудің негізгі мақсаттарына келесі мәселелерді жатқызу керектігі тұрды:

- азаматтардың кәсіби мүмкіндіктерін еркін пайдалануға өздерінің конституциялық кепілдіктерін жүзеге асыруда мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдардың ролін күшейту;

- қазіргі экономикалық жағдайларда тиімді жұмыс істеуге қабілетті өңірдегі кадр саясатын қалыптастыру арқылы барлық субъектілердің іс-әрекеттерін үйлестіру.

Өңірдегі кадрларды дайындаудың мөлшерін және саласын реттеудің негізгі қағидалары ретінде келесі істер болуы тиіс: заңдылық, демократизм, әлеуметтік серіктестік, жариялылық, кешендік, көп деңгейлілік, кадр саясатының артықшылықтарын таңдау, кадр ресурстарының пайдаланудың тиімділігі, ғылымилығы. Біздің ойымызша, кадр саясатының негізгі бағыты ретінде оның инфрақұрылымының құрылуы, оған келесілер жатады:

- кадр саясатының субъектілері мен объектілері арасындағы өзара қарым-қатынастарды белгілейтін заңнамалық және мөлшерлік-құқықтық кешенін құрау;

- еңбек нарқының қажеттілігін болжау және оның негізінде кадрларды дайындауға арналған өңірлік әлеуметтік тапсырыспен сәйкестікте кадрларды кәсіби дайындау жүйесін құру;

- кәсіби бағдарлаудың дамуын, жеке тұлғаның өзін-өзі билеу үшін арналған жағдайларды, мамандық таңдауды, жеке тұлғаның сапалы білім алуын және ары қарай кәсіптік жағынан жетілуді қамтамасыз ететін кәсіп-қойлық жүйесін құру;

- кадрларды дайындау, кәсіби қайта даярлау, біліктілікті жоғарылату, мамандарды кәсіпорында дамыту мен нығаю жүйесін дамыту;

- жұмысқа қабылдау кезінде тең құқықты, мамандардың кәсіби сапаларының жоғары болуын және азаматтарды кемсітушілікке жол бермейтіндей қамтамасыз ететін еңбек нарқын реттеудің тиімді механизмдерін құру;

- ұйымдардағы мамандарды тиімді іріктеу және бағалау, кадр резервін құру;

- кадр саясатының ғылыми-әдістемелігін қамтамасыз ету.

Кадр саясатын қалыптастыру және жүзеге асыру мақсатымен Облыс әкімі туралы концепцияның негізінде әрекет ететін, Облыс әкімі жанындағы кадр саясаты жөніндегі облыстық кеңесін құру қажет. Оның құрамына кадр саясаты субъектілерінің өкілдері енуі тиіс. Облыстық кеңеспен өзара әрекеттесу үшін облыстың аудандық әкімдіктерінде кадр саясаты бойынша сәйкесінше кеңестері құрылуы мүмкін.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, біз қарастырып жатқан мәселеде өңірдің жоғары заңнамалық және атқарушылық ұйымдарының, аудандық орталықтардағы мемлекеттік үкіметтің атқарушы ұйымдарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың субъектілері болып табылатын кадр саясатының шектері мен құзырет деңгейін нақты белгілеуі тиіс.

Кадр саясатының облыстық кеңесі келесі істерді атқаруды міндетке алуы тиіс:

- кадр саясатын реттеуді жүзеге асырады; облыстық бюджет құралдарының есебінен жүргізілетін оларды жүзеге асыруға арналған кешенді облыстық мақсатты бағдарламаларды және шығыстарды бекітеді;

- өз есебінен кадрларды дайындайтын ұйымдарға облыстық бюджетке аударылатын қаржы құралдарына қатысты салықтық жеңілдіктердің ұсынылуын бекітеді;

- облыс әкімі кадр саясатын жүзеге асыру бойынша кешенді мақсатты бағдарламаларды бекітеді және облыстық мәслихаттың қарауына ұсынады, олардың орындалуын үйлестіреді.

- кадр дайындауға арналған өңірлік әлеуметтік тапсырысты бекітеді;

- кадр саясаты субъектілерінің оны орындау жөніндегі іс-әрекеттерінің үйлесуін қамтамасыз етеді;
- кадр саясатын жүзеге асыру бойынша жергілікті басқару органдарына жәрдем береді; кадр саясаты жөніндегі ережені бекітеді және облыстық кеңестің іс-әрекеттерін қамтамасыз етеді;
- мемлекеттік биліктің және аудандық орталықтардың атқару органдары үшін кадрларды дайындауға, кәсіптік қайта даярлауға, біліктілігін жоғарылату және тәжірибеден өтуге арналған облыстық тапсырыстың қалыптасуын қамтамасыз етеді;
- заңды жүзеге асыру мақсатында мөлшерлік-құқықтық актілерді қабылдайды;
- кадр саясаты саласындағы заңнамалардың орындалуына бақылау жасайды;
- облыстың мемлекеттік билігінің атқару органдары кадрлардың резервін құрайды және онымен жұмысты ұйымдастырады; кадр саясатының концепциясы мен бағдарламасын әзірлейді және облыс әкімдігінің қарауына ұсынады;
- кадрларды дайындауға арналған өңірлік әлеуметтік тапсырыс қалыптастыруға қатысады;
- білім беру мекемелеріне кадрларды дайындау, кәсіптік қайта даярлау, біліктілігін жоғарылату және тәжірибеден өту бағдарламасын әзірлеуге және жүзеге асыруға арналған сәйкесінше тапсырысты қалыптастыруға және келісім шарттарды түзуге жәрдем береді; кадр саясатын жүзеге асыруда жергілікті басқару органдарына және ұйымдарына әдістемелік көмек көрсетеді және жәрдем береді;
- жергілікті басқару органдары кадр саясатын жүзеге асыру жөніндегі бағдарламаны әзірлейді, бекітеді және жүзеге асырады; кадр саясаты жөніндегі кеңестердің іс-әрекеттерін ұйымдастырады; өңірлік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруға қатысады; кадрларды дайындауға және кәсіптік қайта даярлануына, біліктілігін жоғарылатуға арналған тапсырысты қалыптастырады және қаржыландырады, білім беру мекемелерімен келісім-шарт түзеді; өз есебінен кадрларды дайындау жұмыстарын жүргізген ұйымдарға жергілікті бюджетке аударылатын салықтарға қатысты жеңілдіктер ұсынады; жергілікті басқару органдарында кадр саясатын жүзеге асырады, кадрлардың резервін қалыптастырады және олармен жұмысты ұйымдастырады;
- меншік түріне және шаруашылықты жүргізуіне байланысты емес ұйымдар кадр саясатының бағдарламасын әзірлеуге және жүзеге асыруына, әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруға қатысады; халықты кәсіптік бағыттау бойынша жұмыстарын жүргізеді; кадрларды дайындау, кәсіптік қайта даярлау, біліктілігін жоғарылату бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді және жүзеге асырады және сәйкесінше бағдарламаларды жүзеге асыратын білім беру мекемелерімен келісім-шарт жасады;



- білім беру заңына сәйкес мемлекеттік аттестациядан және аккредитациядан өткен білім беру мекемелері кадр саясатының бағдарламасын әзірлеуге және оны жүзеге асыруға қатысады; кадрларды дайындауға арналған әлеуметтік тапсырысты құруға қатысады; әлеуметтік тапсырыстың негізінде кадрларды дайындау, кәсіптік қайта даярлау және біліктілігін жоғарылату жұмыстарын жүргізеді; халықтың сапалы кәсіптік білім алуы және тұлғаның жеке басының кәсіптік жетілуі үшін кәсіптік бағдар беру жөніндегі мақсатты бағытталған жұмыстарын жүргізеді; білім беру мекемесінің кадр саясатын жүзеге асырады.

Кадрларды дайындауға арналған өңірлік тапсырысты қалыптастыру кезіндегі әлеуметтік серіктестердің өзара әрекеттесуінің жобасы -ші суретте ұсынылған.

Кадрларды дайындауға арналған өңірлік әлеуметтік тапсырысты қалыптастырудың негізгі қатысушылары болып табылатындар:

- кадр саясаты жөніндегі облыстық кеңес, білім беру департаменті, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаменті, экономика департаменті;

- статистика басқармасы;
- кәсіпорындар, ұйымдар;
- білім беру мекемелері.

Кадрларды дамыту және нығайту бойынша іс-шараларды тиімді жоспарлау, әзірлеу және жүзеге асыруды ұйымдастыру мақсатында келесі бағдарламалардың әзірленгені және бекітілгені мақсатқа сай келеді деп есептейміз:

- кадрларды дамытудың және нығайтудың салалық мақсатты бағдарламалары;

- мемлекеттік қызмет кадрларын дамыту бағдарламасы;
- өндірістегі персоналды дамыту бағдарламасы;
- ұйымдардың кадрларын дамыту және нығайтудың локалды бағдарламалары.

Кадрларды дамыту және нығайту жүйесін құру мақсатымен әзірленген бағдарламалар, нормативтік-құқықтық актілер болып табылады, және өзіне келесі істерді енгізеді:


- бағдарламаны дайындау кезіндегі кадрды қамтамасыз етуді және кадрлық әлеуетті бағалау;

- бағдарламаның концепциясы;
- көлемін, мерзімдерін және қаржыландыру көздерін анықтап, кадрлардың қосымша білім алу бойынша іс-шаралар кешені;

- персоналды нығайту бойынша, сонымен қатар кадрлардың көлемін, мерзімдерін және қаржыландыру көздерін анықтап, құқықтық және әлеуметтік қорғалуы бойынша іс-шаралар кешені.

Кадрлардың қосымша білім алу жүйесі өзіне келесі істерді енгізуі тиіс: кәсіпорындар, ұйымдар немесе жеке жұмысшының өзі жағынан білім беру

мекемелерінде кәсіби қайта даярлануы, біліктілікті жоғарылатуы және кадрлардың аттестациядан өтуі.



Ескертпе: автормен құрылған. -ші сурет.

Кадрларды дайындауға арналған өңірлік тапсырысты қалыптастыру кезіндегі әлеуметтік серіктестердің өзара әрекеттесуінің жоба болжамы.

Облыстық және аудандық әкімдіктер және ұйымдармен бірлесіп барлық әлеуметтік-экономикалық салалар үшін кадрларды дамыту және нығайтудың салалық мақсатты бағдарламаласын әзірлейді. Бағдарламаны қаржыландыру облыстық және жергілікті бюджеттердің, сонымен қатар бағдарламаны жүзеге асыруға қатысатын ұйымдардың есебінен де жүзеге асыруға болады. Облыстық бюджеттің құралдарына қатысты бағдарламаны жүзеге асыру үшін арналған қаржылар облыстық бюджетті қабылдау кезінде бекітіледі. Бағдарламалар, сәйкесінше жылдың облыстық бюджет жобасына енгізу үшін жыл сайын Облыстық мәслихатта, Әкім бекіткен мерзімдерде нақтыланады.

Облыс әкімдігі қызығушылық танытқан ұйымдармен бірлесіп, олардың кадрлық әлеуетін сақтау және оңтайлы пайдалану мақсатымен, өндірісте кадрларды дайындау, дамыту және нығайту саласындағы кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау шараларының жүйсін құрайтын өндірістегі қызметкерлерді дамыту бағдарламасын әзірлейді. Бағдарламаның қаржыландырылуы облыстық бюджеттің, сонымен қатар оны жүзеге асыруға қатысатын ұйымдардың құралдары есебінен жүзеге асырылады. Түрлі меншік және шаруашылық жүргізу түріндегі ұйымдар өз кадрларын дамыту және нығайтудың жергілікті бағдарламасын жеке өзі әзірлейді және қаржыландырады.

Біздің пікірімізше, кадр саясаты туралы ұсынылған өңірлік бағдарламасының концепциясы, марғымсыз, өңірлік кадр саясатының ұйымдастыру құқықтық аспектілерін дамытудың бүкіл проблемасын жоққа шығара алмайды. Сонымен қатар, бұл проблема облыстың кадрлық жоспарлау, білім беру және басқа салаларындағы заң шығарушылардың, басқарушылардың, ғалымдардың және мамандардың қатысуымен әрі қарай өңдеуді және талқылауды талап етеді.

1. Назарбаев Н.А «Жаңа он жылдық - жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 жыл 29 қаңтар. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы

2. Қазақстан Республикасының 20 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары. // Егеменді Қазақстан 12 ақпан 2010.

3. Зинт Республики Казахстан «Озанита населения » 30 декабря 1998.// Каз.правда 5.01.1999. - №2.

4. Бараненкова Т. Состояние региональных рынков труда РФ «проблемы регулирования. проблемы теории и практики управления. 1998 №4 с 55.»

## Резюме

Рынок труда зачастую является самым точным детектором социального положения населения той или иной страны. Возникновение рынка труда связано со становлением рыночных отношений и развитием капитализма.

#### Summary

The labor market is often the most accurate detector of the social situation of the population of a country. The emergence of the labor market is associated with the development of market relations and the development of capitalism.

## **БАНК СЕКТОРЫНЫҢ НЕСИЕЛІК БЕЛСЕНДІЛІГІН АЙҚЫНДАЙТЫН ФАКТОРЛАРҒА ЖӘНЕ НЕСИЕЛІК ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒА БЕРУ**

**К.А. Мадыханова -**

*к.э.н., и.о. доцента, кафедрлы «Финансы»*

Несиелік портфель сапасының төмендігі және салыстырмалы түрде алғанда тәуекелдің жоғарғы деңгейі банктердің несиелік белсенділігін тежейтін факторлар болып қалуда. Сонымен бір мезгілде 2010 жылдың үшінші тоқсанының нәтижелері бойынша банктердің несиелік белсенділігінің бірқатар жандануы байқалады, оған негізгі себептердің бірі БТА Банкін қайта құрылымдаудың табысты аяқталуы болды.

2010 жылдың 9 айы ішінде қайта құрылымдау жағдайындағы банктердің балансынан тыс үмітсіз несиелерді есептен шығару есебінен болған банктердің несиелік портфелінің «тарылғаны» байқалды. Мәселен, 2010 жылдың 1-ші жартыжылдығының нәтижелері бойынша банк жүйесінің несиелік портфелінің жиынтық көлемі 5,3% азайды. Сонымен бір мезгілде үшінші тоқсанның нәтижесі бойынша банктердің кредиттік белсенділігінің өсуі салдарынан осыүрдісте біршама өзгеріс байқалады: 2010 жылғы шілде-қыркүйекте жиынтық несиелік портфель 1,5% өсті.

Корпоративтік сектордың несиелік тәуекелге ықпал ететін фактор ретінде негізгі қаржылық көрсеткіштері тұрғысынан алғанда заем қаражатының меншікті капиталға (қаржы левереджі) қатынасының аз ғана азайғайынын және кәсіпорындар қызметі тиімділігі көрсеткіштерінің (ROE) ұлғайғанын атап айту қажет.

Содай-ақ, 2010 жылғы екінші тоқсанның аяғында ірі және орта кәсіпорындар бойынша банктердің есеп айырысу шоттарындағы ақша қаражатының 105 млрд.теңгеден астам ұлғаюы байқалады, бұл корпоративтік сектордың банктер алдындағы қазіргі берешегін ішінара жабу мүмкіндігі туралы айтуға жағдай жасайды. Өткен тәжірибені ескере отырып, ROE көрсеткішінің ұлғаюы, ақша қаражаты қалдығының ұлғаюы және қаржы левереджінің қысқаруы экономиканың секторлары бойынша проблемалық заемдардың азаюына

әкелетінін атап өткен жөн. Сонымен қатар уақытта корпоративтік секторда проблемалық салаларда қалып отыр, оларға ауылшаруашылығын және қызмет көрсетуді жатқызуға болады. Меншікті капиталдың рентабельдігі бұрынғысынша теріс болып қалып отырғандықтан осы салалар өте жоғары кредиттік тәуекелдерге ие болып отыр және 2010 жылғы екінші тоқсандағы деректер бойынша міндеттемелердің меншікті капиталға қатынасы ауылшаруашылығының 2 саласында көп және көрсетудің 8 саласында көп (1-кесте). Тұтас-тай алғанда салалар бойынша оң динамика ретінде 2010 жылғы екінші тоқсанда бірінші тоқсанмен салыстырғанда проблемалық несиелердің аздап қысқаруын байқауға болады.

1-кесте

**Экономиканың секторлары бойынша корпоративтік сектордың төлем қабілеттілігі факторлары**

	Экономика саласы	ROE (оң ось)	Leverage (оң ось)	Ақша қаражатының ұлғаюы/азаюы	NPL (экономиканың секторлары бойынша)
<b>2010ж. 1-тоқ.</b>	Ауыл шаруашылығы	- 0,08	2,39	4,47	76,97
	Өнеркәсіп	0,4 1	0,80	156,55	352,47
	Құрылыс	0,5 6	7,33	32,72	1 041,18
	Сауда	0,5 2	4,20	-12,85	718,82
	Көлік және байланыс	0,1 7	1,12	52,65	77,62
	Қызмет көрсету	- 0,24	9,28	25,19	600,77
<b>2010ж. 2-тоқ.</b>	Ауыл шаруашылығы	- 0,05	2,60	-0,40	53,73
	Өнеркәсіп	0,4 7	0,81	-19,73	328,40
	Құрылыс	0,8 6	8,05	-2,21	939,64
	Сауда	0,4 6	2,65	30,34	666,24
	Көлік және байланыс	0,1 7	1,13	74,87	45,12
	Қызмет көрсету	- 0,27	8,40	22,25	550,15

\*Дерек көзі: ҚР ҰБ деректері бойынша.

Корпоративтік сектордың қаржылық жай-күйінен басқа компаниялардың тұрақтылығына ықпал ететін тағы бір фактор кәсіпорынның валюта позициясы болып табылады.

2-кесте

**Корпоративтік сектордың валюталық позициясының меншікті капиталға қатынасы**

<b>Салалардың атауы</b>	<b>01.10.2008</b>	<b>01.10.2009</b>	<b>01.07.2010</b>
Сауда	59,4%	-5,6%	61,9%
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	82,0%	97,9%	70,3%
Өңдеу өнеркәсібі	58,9%	39,6%	49,4%
Ауыл шаруашылығы	29,8%	-0,9%	0,3%
Көлік және байланыс	0,2%	-37,3%	-29,1%
Құрылыс	246,7%	-15,5%	16,0%
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	-697,6%	1187,8%	-848,5%
Қаржылық қызмет	-66,0%	-76,2%	-78,3%
Заңды тұлғалар бойынша басқалары	29,6%	3,3%	7,9%
барлығы (оң ось)	30,2%	7,7%	1,3%

\*Дерек көзі: ҚР ҰБ деректері бойынша.

Ең көп тәуекелі бар кәсіпорындарға 2010 жылғы екінші тоқсанда жылжымайтын мүлікпен операциялар салаларына кіретін кәсіпорындарды және қаржы қызметін жатқызуға болды, себебі осы саладағы кәсіпорынның ең көп қысқа ашық позиясы бар. Осы салалар бойынша валюта позициясының меншікті капиталға қатынасы тиісінше -848,5% және -78,3% болды (2-кесте).

Алайда, егер динамикадағы осы көрсеткішті салыстырсақ, онда осы секторлар бойынша ашық қысқа позиция азайды. Көп өндіру өнеркәсібі және сауда салаларына жататын кәсіпорындардың үлкен ашық ұзын валюта позициясы бар. Осы салалар бойынша валюта позициясының меншікті капиталға қатынасы барынша оң мәнге (тиісінше 70,3% және 61,9%) ие болып отыр, бұл теңге/доллар бағамының нығаюы кезінде туындауы мүмкін осы салалардағы жоғары валюта тәуекелінің бар екендігін көрсетеді.


Егер корпоративтік секторды тұтастай алғанда қарайтын болсақ, онда 2010 жылғы екінші тоқсанда 2010 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда валюта позициясының меншікті капиталға қатынасы ұлғайды. 2010 жылғы 2-тоқсандағы осы мән 1,3% болды, бұл тұтастай алғанда корпоративтік сектор бойынша валюта тәуекелінің елеусіз деңгейін көрсетеді.

Корпоративтік сектордың жай-күйінің жақсаруы туралы кәсіпорындар дефолты ықтималдылығының шамалы азаюы көрсетеді.

Бұрын теріс капиталы бар қайта құрылымдалған банктер іріктеуден алынып тасталғанымен банк секторының валюта позициясы нормативтік мәндер шегінде қалыптасты. Сонымен қатар банктер бойынша ашық ұзын және қыс-


қа валюта позициялары аздаған басымдылығымен шамамен бірдей.

Кәсіпорындардың өзінің міндеттемелер бойынша жауап беру қабілетінің өсуі банктер алдындағы берешекке қатынасы бойынша салық салуға дейінгі кірістің өсу фактісін және дағдарысқа дейінгі кезеңге жақындайтынын растайды (1-сурет).



1-Сурет - Корпоративтік сектордың кірістері және берешегі  
Ескерту: ҚР ҰБ деректері бойынша.

Осылайша, корпоративтік секторда көрсеткіштер біртіндеп жақсарады, алайда бұл барлық салалар бойынша болмайды. Осы көрсеткіш бойынша ауылшаруашылығы және қызмет көрсету барынша проблемалық болып қалып отыр (2-сурет). Құрылыс саласында 2010 жылғы алғашқы екі тоқсан үшін банктер алдындағы берешекке салық салғанға дейінгі кірістер қатынасының ұлғаюы байқалады, оның салдарынан осы сала бойынша болашақта несиелік тәуекелдің біртіндеп азаюын күтуге болады. Осылайша, елде ахуалды тұрақтандыру салалардың көпшілігі бойынша корпоративтік сектор көрсеткіштерінің біртіндеп жақсаруына әкеледі, бұл бұдан әрі кәсіпорындардың банктер алдындағы өз міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндіктеріне оңтайлы әсер етеді.




## 2-Сурет - Салық салғанға дейінгі кірістің банк секторы алдындағы берешекке қатынасын секторлар бойынша бөлу

Ескерту: ҚР ҰБ деректері бойынша.

Үй шаруашылықтарында да қаржы жағдайы жақсарды. Борыштың ЖІӨ-ге үлесі (01.10.2010 жылғы - 12% астам) және борыштың үй шаруашылықтарының активтеріне қатынасы (2010 жылғы 3- тоқсанның аяғында - 11% аз) біртіндеп қысқаруда (3-сурет).

Кірістің ұлғаюы және банктер алдындағы берешектің қысқаруы олардың арасындағы қатынастардың 2008 жылдың басындағы 41%-дан 2010 жылғы қыркүйектің аяғында 20%-дан астамға дейін қысқаруға әкелді. Осы көрсеткіштердің жақсару жағына өзгеруі жеке тұлғалар арасында проблемалық несиелердің ұлғаюы қарқынының баялауына әкелді және несиелеудің осы секторы бойынша несиелік тәуекелдің бұдан әрі қысқаруын күтуге мүмкіндік береді.

Кірістерді біркелкі емес бөлудің біртіндеп қысқаруы халықтың өмір деңгейіне оң үрдісті көрсетеді. Бұдан басқа ортадан жоғары топтарда қаражатты жинақтау үрдісі байқалады.



## 3-Сурет - Үй шаруашылықтарының төлем қабілеттілігі факторлары

Ескерту: ҚР ҰБ деректері бойынша.

Зерттелетін үй шаруашылықтарындағы халықтың саны барлық топтар бойынша өседі, 15% дерлік халықтың үлесі кіріс деңгейі ортадан жоғары халықтың топтарында шоғырланған (3-кесте). Өткен кезеңмен салыстырғанда үй шаруашылықтарының болжамды кірісі 5% -ға ұлғайды, мұнда топтардың көпшілігінде үй шаруашылықтарына арналған борыштық



жүктеменің едәуір өсуі салдарынан тұтыну шығыстарының төмендеуі және банктік қаржыландырудың азаюы байқалады.

3-кесте

**2010 жылы тұтыну үшін пайдаланылған, жан басына шаққандағы айлық табыс бойынша борыштық жүктеме**

Теңге	5000 дейін	5001 - 10000	10001 - 15000	15001 - 20000	20001 - 25000	25001 - 30000	30001 - 35000	35001 - 40000	40001 - 45000	45001 - 50000	50000 жоғар
Халықтың зерттеліп отырған үй шарушылықтарындағы үлесі, жалпы зерттеліп отырған халықтың %	0,11	8,0 2	26,9 4	23,7 0	16,2 3	9,8 0	5,6 3	3,6 4	2,0 1	1,3 8	2,5 6
Борышқа қызмет көрсету/қолда бар кіріс, %	2,14	1,4 4	1,98	2,85	3,73	4,0 7	4,6 3	4,5 5	5,9 6	6,9 5	8,0 8
Тұтынушылық шығыстар/қолда бар кіріс, %	70,1	77, 4	79,3	78,8	81,5	83, 7	87, 4	90, 8	92, 1	92, 7	98, 8

\*Дерек көзі: ҚР ҰБ деректері бойынша.

Тұтыну шығыстары кіріс деңгейі барынша жоғары халықтың топтарына арналған болжамды кірістердің ең көп үлесіне ие болып отыр, осы арқылы үй шаруашылықтарының біркелкі емес кірістері азаюда.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің несиелік тәуекелге өзгеру ықпалын және банктердің капиталына қысымды бағалау мақсатында ҚР ҰБ банк секторына стресс-тестілеу жүргізді. Brent маркалы мұнай бағасының бір баррель үшін 76,91 АҚШ долл. (2010 жылғы 3-тоқсан үшін баға) бір баррель үшін 25 АҚШ долл. дейін өзгеруі негізгі сценарий болып табылды. Стресс-сценарий кезінде баға 2011 жылғы үшінші тоқсанға дейін біртіндеп құлдырайды, күзелісті сценарий кезінде баға 2010 жылғы 4-тоқсанда бір баррель үшін 25 АҚШ долл. дейін азаяды және 2011 жылғы 3-тоқсанға дейін осы деңгейде сақталады.

Стресс-тестілеу мынандай екі модельді пайдалана отырып жүргізілді: макроэконометрикалық және панельдік. Макроэконометрикалық модельде күйзеліс жекелеген салалар бойынша (өнеркәсіп, құрылыс, сауда) нақты ЖІӨ мәніне, ал панельдік модельде – маусымда бәсеңдеген нақты ЖІӨ-ге және Қазақстан бойынша жылжымайтын мүліктің бағасына салынды.

Макроэконометрикалық модель үш кезеңнен тұрады:

1) мұнай бағасының, Ресейдің ЖІӨ-не және теңгенің/доллардың номиналды айырбастау бағамының экономиканың өнеркәсіп, құрылыс және сауда

салалары бойынша Қазақстанның нақты ЖІӨ-не өзгерісінің ықпалын бағалау;

2) алынған тәуекел факторын қалыпты бөлуге ауыстыру;

3) қалыпқа келтірілген тәуекел факторын салалар арасындағы түзетулер арқылы басқа салаларға ауыстыру және алынған тәуекелдің ықпалымен банктердің несиелер портфелінің өзгеруін бағалау.

Панельдік модельде ЖІӨ-нің өзгеруіне, экономикадағы несиелердің ЖІӨ-ге қатынасына, жылжымайтын мүлік бағасының және мұнай бағасының банктердің несиелер портфелінің өзгеруіне ықпалын тікелей бағалайтын теңдеу алынды.

Бұл ретте модельдерде мынадай болжамдар жасалды:

1) макроэконометрикалық модель үшін:

- салалық бөлудегі несиелердің үлесі барлық болжамды кезең бойынша өзгермейді және 01.10.2010 жылғы үлеске тең болады;

- активтер, капитал және несиелер портфелі 01.10.2010 жылғы деректерге тең болып қабылданды және болжамды кезеңнің аяғына дейін өзгермейді.

2) панельдік модель үшін:


- банк жүйесіндегі активтердің жиынтық үлесіндегі активтердің үлесі 01.10.2010 жылғы деңгейде қалды;

- шығыстардың кірістерге қатынасы 2010 жылғы 3- тоқсандағы деңгейде болады;

- экономикадағы несиелердің ЖІӨ-ге түсу қатынасы 01.10.2010 жылы белгіленген тредке сәйкес болады.

Экономикадағы несиелер құрылымна, содай-ақ экономиканың әрбір саласы бойынша үмітсіз заемдардың үлесін негізге ала отырып, стресс-тестілеу құрылымы, сауда және өнеркәсіп салалары бойынша жүргізілді. Осы стресс-тесті жүргізу кезінде экономиканың белгілі бір саласындағы несиелердегі провизиялардың үлесі 10-30%-ға дейін ұлғайды. Бұл ретте, банк секторының меншікті капиталының өзгеруіне сауда саласының заемдар сапасының нашарлауы барынша едәуір ықпал етті.

Несие портфелінің жеке-жеке өнеркәсіп және құрылыс салалары бойынша нашарлауы ЕДБ-дің қаржылық жай-күйіне елеулі дәрежеде әсер етпейді, меншікті капиталдың жеткіліктік нормативін екінші деңгейлі банктер (ЕДБ) бұзбайды. Сауда саласы бойынша провизиялар үлесінің 10%-ға ұлғаюы кезінде – бір ЕДБ бойынша, 20%-ға – екі ЕДБ бойынша және 30%-ға – бес ЕДБ бойынша жеткіліктік нормативінің бұзылғаны байқалды (4-сурет).



**4-Сурет - 2010 жылғы 1 қазандағы стресс-тестілеу (құрылыс, сауда және өнеркәсіп саласындағы заемдар сапасының нашарлауы)**  
 Ескерту: ҚР ҰБ деректері бойынша.

Тұтастай алғанда, стресс-тестілеуді жүргізу кезінде 2009 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда банк жүйесіндегі ахуалдың айтарлықтай жақсарғандығын атап өтуге болады. Оң өзгерістер үш ірі банкте міндеттемелерді қайта құрылымдаудың аяқталуына байланысты. Бұл ретте, осы оқиға банк жүйесінің көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етті және жоғарыда келтірілген нәтижелер дағдарысқа дейінгі кезеңнің стресс-тестілеу нәтижелеріне жақын және сәйкес келді.

1. Хамитов Н.Н. Банк ісі. – Алматы, 2006.
2. Қазақстанның қаржы тұрақтылығы туралы есеп/ҚР ҰБ.- 2010.
3. ҚР Ұлттық Банкінің хабаршысы – 2010. - №11.

### Резюме

Низкое качество кредитного портфеля и относительно высокий уровень рисков продолжают оставаться факторами, сдерживающими кредитную активность банков. В то же время по результатам третьего квартала 2010 года намечилось некоторое оживление кредитной активности банков.

### Summary

Low quality of loan portfolio and relatively high end of risks stile remains the factors, lohich constrain credit activity of banks. At the same time according to the result of the third ofnartor of 2010 there is slisht recovery of credit activity of banks.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ

**Л.К. Маткаримова-**

*Абай атындағы ҚазҰПУ – нің оқытушысы*

Бақылау мәселесінің экономика ғылымында алдыңғы қатарда тұруы, оның өзектілігінде. Бақылау мәселесін зерттеген көптеген авторлардың көзқарастары бақылаудың – басқарудың құрамдас бөлігі екендігін, оның кез – келген дәрежеде біліктіліксіз басқару мүмкін еместігін айтуда түйісіп отыр, және де басқарылушы жүйе неғұрлым көпжақты және кәсіби болса, соғұрлым бақылау да күрделі болуы тиіс. Кеңестік дәуірдің салық – қаржы әдебиеттерінде бақылау мемлекеттік және қоғамдық өмірдің рәміздерінің бірі ретінде,- экономиканың дұрыс дамуының маңызды жағдайы ретінде қарастырылды. Бақылаудың жан – жақты қажеттілігі, оның түрлері мен жүзеге асырылу әдістері көрсетіліп отырды. Әсіресе мемлекеттік бақылау түрлері оның ішінде мемлекеттік қаржы бақылауы терең зерттелді.

Мемлекеттік саяси, экономикалық және әлеуметтік қайта құрулар сәйкес шешімдер мен ережелермен бекітіледі. Олардың орындалуынсыз қоғам алға қойған мақсаттарына: экономикалық өсімге, қаржы тұрақтылығына, азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеруге, олардың қауіпсіздігіне және тағы сол сияқтыларға қол жеткізе алмайды. Біздің ойымызша, бақылау дегеніміз кері байланыстың бір түрі бола отырып, сол сәтте басқару шешімдерінің орындалуына катализатор бола алады. Бақарылу объектісі туралы қажетті ақпаратты алып, оны талдау арқылы оған шаралар қолдануға, яғни, жағдайды түзетуге бағытталған нормативтік актілермен басқару шешімдерін қабылдау қажеттігі туралы шешімді қабылдауға болады. Ал салықтық бақылау дегенде салық заңдылықтарының: Салық кодексі, және заңдық нормативтік актілерді т.б. орындалуын бақылауды түсіну қажет.

Негізгі заңның бұзылмауын қадағалау – ол Заңның әрбір саласына қатысты жалпы мемлекеттің міндеті. Құқықтық нормативтік актілерді шығарып және оның орындалуын бақылауды жүзеге асыра отырып, мемлекет қоғамдық саяси жүйенің субъектісі ретінде әрекет етеді. Сол арқылы мемлекеттік бақылау заң мен тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді. Сол жағынан салық заңдылықтарының сақталуын бақылау басқа салдардан ешбір айырмашылығы жоқ. Сонымен қатар салық заңдарын бақылау, мемлекеттің табысы болып табылатын салықтың түсуін қамтамасыз ету құралы екендігін көрмеу мүмкін емес. Яғни, бұл дегеніміз салықтық бақылаудың негізінде мемлекеттің материалдық қызығушылығы жатыр. Басқаша айтар болсақ, егер басқа жағдайларда қоғамдақ қатынастарды реттей отырып, мемлекет оған қатыспайтын болса, онда салықтық құқықтық қатынаста мемлекет әрі реттей тұрып, оған қатынасады. Мұның барлығы басқа мемлекеттік бақылау түрлерінен салықтық бақылаудың өз алдына ерекше жүгі бар екендігін бөліп көрсетеді. Біздің ойымызша қорыта айтар

болсақ, салықтық бақылау мемлекеттік бақылаудың барынша жақсылап ұйымдастырылған түрінің бірі болып табылады. Мұндағы мемлекеттің материалдық қызығушылығы салықтық бақылаудың барлық аймағына қатысты болады, яғни төленбеген салықтың салдары басқа экономикалық, әлеуметтік сияқты салаларға да әсерін тигізеді.

Бақылау қоғамдық даму үдерістерін басқарудың жүйесі болып табылады. Бұл халықтық демократиялық – құқықтық мемлекеттің саяси басшылығына, әлеуметтік басқаруына тікелей қатысты. Бақылау әлеуметтік басқару тетігі болғандықтан ол әрқашан қажет. Ол бақылау кезеңіндегі объектінің іс барысына бағыт бере отыра, басқару үдерісін басқарудың бекітілген ең жоғарғы үлгісімен бағыттайды.

«Бақылау» латынның «*контра рутулус*», яғни белгіленген немесе болжанған белгілі бір оқиғаға не үдеріске «қарсы қою» деген мағынаны білдіретін сөзінен алынған. Француз тілінен аударғанда «бақылау» сөзі бірнәрсені тексеру деген мағынаны білдіреді. Бірақ ол «*контроле*» сөзінің негізін ала отырып, трансформацияға түсу арқылы «бақылау» мағынасын беретін болған.

Бақылау мәселелерін жоспарлау үшін істің сараптамасын талдау қажет. Біріншіден экономистердің, заңгерлердің, әлеуметтанушылардың көзқарасы бойынша бақылау мемлекеттік және шаруашылық саласы қызметіне және оны атқарушы, басқарушы қызмет нысанына жатады. Екіншіден кибернетика тұрғысынан бақылау қайта айналмалы заңы тәрізді, басқарушы жүйе бақылау арқылы өзіне қажетті деректерді жинап, оны тиімді басқаруда пайдаланады.

Ревизиялық – бақылау қызметіне арналған арнаулы әдебиеттерде бақылаудың негізгі мәні – шаруашылық жүргізуші объектінің заңдарды сақтауын қадағалау мен мемлекеттік іс – тәртіптің бұзылуын анықтауды түсіндіреді. Ал, шындығында басқарушы субъект объектіні тексергенде оның жүктелген тапсырманы орындалу барысын тексеру үшін жүргізеді.

Бұл бақылау – басқарылушы объектілердің жұмысын тексеруші және бақылап отыратын, әрі басқарушы тетік екенін білдіреді. Қаржылық бақылау объектідегі қабылданған шешімнің орындалу сатысын оның тиімді жүзеге асырылып жатқанын анықтай отырып, ондағы кемшіліктер мен ауытқуларды басқарушы органдарға хабарлайды. Бұл объектідегі жұмысты уақытында жақсартуға мүмкіндік береді.

Ал, шындығында, жалпы айтқанда бақылау жоқ, тек нысаны мен нақты мазмұны ғана бар. Бақылаудың мынандай негізгі түрлері анықталған: әкімшілік, техникалық, қаржылық, экономикалық, экологиялық, атқарымдық, мемлекеттік, муниципалдық, ведомстволық және т.б. Бақылау элементтері мақсатқа жету үдерісінде өзара сәйкес келе отырып, бақылау жүйесін құрайды.

Бақылау элементтері оның жетістікке жету мақсатында біртұтас бақылау жүйесін құрайды.

Бақылау жүйесі мынандай элементтерден тұрады:

- а) бақылау субъектісі (кім бақылайды);
- ә) бақылау объектісі (кімді бақылайды);
- б) бақылау заты (нені бақылайды);
- в) бақылау қағидасы;
- г) бақылау әдістемесі (не арқылы бақылайды);
- ғ) бақылау техникасы мен технологиясы;
- д) бақылау үдерісі;
- е) бақылау жүргізу үшін бастапқы деректерді жинау мен өндеу;
- ж) бақылау қорытындысы мен оған жұмсалған шығын;
- з) бақылау нәтижесі бойынша шешім қабылдайтын субъект;
- и) бақылау қорытындысы бойынша қабылданған шешім.

Терендетілген тексеру жүргізілген кезде мамандар қағидалар жиынтығын, әдістемелерін, тексеру үдерісін пайдалана отырып, тексеру кезінде объектіде теріс ағымдардың, кемшіліктердің болу мүмкіндігін болжайды.

Басқару үдерісі бақылаудың белгілі бір міндеттерін, түрлерін, әдістемелерін, қағидаларын және техникасын жүзеге асыра отырып, басқару субъектілерінің алға қойылған мақсаттарын пайдалы жүзеге асыруларына кепілді бағыт береді.

Қаржылық бақылаудың салалық қызметі әкімшілік, құқықтық, әлеуметтік, техникалық және т.б. бақылаулармен қабат келіп қалуы мүмкін. Оның басты себебі субъектілердің қаржылық қызметі шаруашылықпен тығыз байланысты болғандықтан, қаржылық бақылауды одан бөліп қарау тіпті мүмкін емес, яғни қаржылық тексеріс кезінде шаруашылық элементтерінің басқа да көріністері мен қорытындылары пайда болады.

**Қаржылық бақылау дегеніміз** жалпы қоғамдық өнімнің қатысты ақша қаражаттар қорлары бойынша құнды бөлудің негізділігін және белгілі мақсаттарға шығындалуын тексеруге бағытталған арнайы іс – әрекет.

Қаржылық бақылаудың ерекшелігі ол тек қана ақшалай түрде болады. Объектісі – табыстар мен жиналымдарды қалыптастыру және қаржы қорларын құру мен пайдалану процестері болып табылады. Сонымен қатар қаржылық бақылау әрекеті ақша қатынастардың үлкен бөлігін қамтиды, өйткені қаржылар еңбекақы, өнімнің өзіндік құны, түсім, табыс, инвестиция және т.б. тығыз байланысты. Ғылыми негізделген қаржы саясатын, тиімді қаржы механизмін қалыптастыруға жәрдемдесу қаржылық бақылаудың мақсаты болып табылады. Қаржылық бақылаудың көмегімен қаржы жоспарларының орындалуы, қаржы – шаруашылық қызметінің ұйымдастырылуы тексеріледі. Басқа жағынан, қаржылық бақылаудың нәтижелігі қаржылық жоспарлауда, оперативті бас-қаруда пайдаланылады.

Қаржылық бақылаудың міндеттерін, олардың түрлерін, нысандары мен әдістерін, субъектілері мен объектілерін бақылауды жүзеге асырудың деңгейіне қарай қарастырған жөн, яғни ол микро – немесе макродеңгейде жүргізіледі.

*Макродеңгейде қаржылық бақылау* – бұл бүкіл мемлекет ауқымында қаржыны ұйымдастыру мен оның іс-әрекет етуін бақылау. Оның міндеттері мыналар болып табылады:

– ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған қорларын қалыптастырып, тиімді пайдалану үрдісін қамтамасыз ету;

– қаржы қатынастарын іске асырудың қолданылып жүрген нысандары мен әдістерінің объективті қажеттіліктеріне нысандар мен әдістердің сай келуін бақылау;

– қаржы ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану, салалар мен аймақтардың қаржы ресурстарына деген қажеттілігін оңтайлы түрде және саралай отырып қанағаттандыру, азаматтардың әлеуметтік – мәдени сферасының қызметтеріне деген қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру мақсатында оларды салалар мен аумақтар бойынша бөлудің алшақтықтарын анықтап, жою және басқалары.

Бұл деңгейде мемлекеттік қаржылар бақылаудың объектісі болып көрінеді.

